

Қазақстан Республикасы Жоғары сот
төрағасы Ж.Асанов мырзаға
Маңғыстау облысы сотының
төрағасы Ж.Аланов мырзаға
Маңғыстау облысы
Бейнеу селосы Қашаған көшесі 54-үй
Жакашова Гульбану Мухамбетжановнадан

Мен Маңғыстау облысы Бейнеу селосының тұрғынымын.

Кезінде жанұя жағдайымның келіспеушілігі себепті некеден ажырасып, бір некеден тұрған мезгілімізде жинаған дүние-мүліктерімізді бөлісу мәселесі қозғалғанда біраз қиындықтарға тап болдым.

Осы мәселені Заң аясында нақты, әрі әділ шешіп алу үшін Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық сотына азаматтық жолмен талап арыз бердім. Бейнеу аудандық сотының судьясы Қ.Ж.Акерев менің бұл талап арызым бойынша азаматтық істі әділ шешіп, ешқандай күмәнсіз, шығарылған шешімге екі жақ та қанағаттандырарлықтай билік шығарды.

Мен өзіме тиісті мүліктік заттан ақшалай қаражатымды толықтай өндіріп алдым.

Осы мәселе бойынша Сізге, сіз басшылық етіп, әділ шешім шығарған Бейнеу аудандық сотының судьясы Қ.Ж.Акеревке ризашылығымды білдіріп алғысымды айтамын.



Жакашова Г.М.

